



**Мүлікке салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 38 ~V950071  
Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 59 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының

K010209\_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Мүлік салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 38  
Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан  
Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29  
желтоқсандағы N 1

V970059\_

бұйрығы.

-----

Мүлікке салынатын салықты есептеу және төлеу  
тәртібі туралы" N 38 Нұсқаулығына өзгерістер

мен толықтырулар

I бөлімнің 2-тармағында:

1)-тармақшаның бірінші азат жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың, көлік құралдарының салық салынатын көлік құралдарын қоспағандағы, негізгі қ а р а ж а т ы н ы ң қ а л д ы қ қ ұ н ы .

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың негізгі қаражаттары материалдық өндіріс саласындағы сияқты, өндірістік емес салада бір жылдан астам қызмет мерзімімен құны 40 айлық есептік көрсеткіштен артық материалдық активтер болып табылады.";

2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын азаматтардың жеке пайдалануындағы, Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларының, саяжай құрылыстарының, гараждарының, өзге де құрылыстарының, ғимараттарының, үй-жайларының құны."

I I б ө л і м д е :

4-тармақтағы "өндірістік және өндірістік емес қорлар" деген

сөздер "қаражаттар" деген сөзбен, "қорларды" деген сөз

"қаражаттарды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"4) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 3 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін

одан асатын 3 000 000 теңге + сомадан 0,3 процент";

5) 11-тармақшалары мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"5) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 4 000 000 теңгеден 5 000 000 теңгеге дейін

4 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,4 процент

6) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 5 000 000 теңгеден 6 000 000 теңгеге дейін

5 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,5 процент

7) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 6 000 000 теңгеден 7 000 000 теңгеге дейін

6 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,6 процент

8) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 7 000 000 теңгеден 8 000 000 теңгеге дейін

7 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,7 процент

9) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 8 000 000 теңгеден

9 000 000 теңгеге дейін

8 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,8 процент

10) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 9 000 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін

9 000 000 теңге+ одан асатын сомадан 0,9 процент

11) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 10 000 000 теңгеден және жоғары 10 000 000 теңге + одан асатын сомадан 1 процент".

IV бөлімде:

18-тармақтың 3)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстанның Ұлттық Банкі негізгі қызметіне пайдаланылатын мүлкі бойынша;"

20-тармақ мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"20. 18-тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалар мүлікті пайдалануға немесе жалға бергенде мүлік салығын төлеуден босатылмайды."

V бөлімде:

20-тармақтың бірінші азат жолындағы "өндірістік және өндірістік емес қорлар" деген сөздер "қаражаттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші азат жолдармен толықтырылсын:

"Негізгі қаражаттардың 31 желтоқсанды қоса алғандағы жағдай бойынша мүлікке салынатын салықты есептеген кезде қолданылатын құнын, салық жылындағы негізгі қаражаттың орташа құны деп есептесін.";

21-тармақтың бірінші азат жолындағы "31 наурызына" деген сөз "31 наурыздан кешіктірмей" деген сөзбен ауыстырылсын";

21-тармақ мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"Салық салу объектілері басқа облыстардың аумағында жатқан (немесе аудандардың) филиалдардың немесе өкілдіктердің (заңды тұлға құрмай) тармақталған жүйесі бар заңды тұлға тиісті салық сомасының төлемдерін объектілердің тұрған жері бойынша жүргізеді.

Бұл ретте филиалдар немесе өкілдіктер (заңды тұлға құрмай) салық

органдарына хабарлай отырып, осы салық бойынша бас заңды тұлғаға есептемені ұсынуға міндетті.

Заңды тұлға жыл аяқталғаннан кейін есептелген және төленген салық сомасы бойынша филиалдарға бөліп жалпы есеп жасайды, мүлікке салынатын салық бойынша декларацияны салық органдарына ұсынады".

20-27-тармақтар тиесінше 21-28-тармақтар деп есептелінсін.

2-қосымшада "Мүлікке салынатын салық бойынша декларация":

"салық инспекциясына" деген сөз "салық комитетіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

|                                                                                 |  |  |  |
|---------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|                                                                                 |  |  |  |
| 1. Жыл басындағы негізгі қаражаттардың қалдық құны                              |  |  |  |
|                                                                                 |  |  |  |
| 2. Түскен негізгі қаражаттардың құны                                            |  |  |  |
|                                                                                 |  |  |  |
| 3. Шыққан негізгі қаражаттардың құны                                            |  |  |  |
|                                                                                 |  |  |  |
| 4. Салықты есептеген кезде қабылданған жыл аяғындағы негізгі қаражаттардың құны |  |  |  |
|                                                                                 |  |  |  |

Ескерту. Инфляция деңгейін есептегендегі жыл басындағы негізгі қаражаттардың қалдық құны

Қазақстан Республикасы

Қаржы Министрлігінің Әдістеме

Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама

